

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«ТҮЛКІБАС АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ МКК**

**ХАТТАМАСЫ № 2024/3**

**«20» маусым 2024 жыл**

**Т.Рысқұлов ауылы.**

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мәжіліс залында сағат 11<sup>00</sup> де: **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылау мәселелері бойынша** жиналыс өткізілді.

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының басшының медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Б.Е.Курманбеков төрағалық етіп, басшысының орынбасарлары мен Түлкібас аудандық орталық ауруханасының қызметкерлерінен құралған «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» жұмысшы тобы, қоғамдық бірлестіктің өкілдері және кәсіпорының қызметкерлері қатысып ақпараттық-түсіндіру шараларын өткізді.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

**«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша жазылып жатқан Талдамалық анықтаманы талдау қортындысын жария талқылау бойынша»**

2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5- тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығына сәйкес Түркістан облысы ДСБ-ның «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - Кәсіпорын) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2024 жылғы 9 сәуірдегі № 153 н/қ бұйрығына сай Түлкібас аудандық орталық ауруханасының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2024 жылдың 17 мамыр – 28 маусым күндері аралығы аралығы етіп бекітілгенін хабарланған.

Ішкі талдау бойынша Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындауын, Медициналық көмек қызметтерін көрсетуін, Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер туралы, Жұмыс берушінің және кәсіподақтан қызметкерлерге қолдау көрсету шарлары туралы (материалдық көмек, сыйақы және т.б), Денсаулық сақтау басқармасының кадрлық тағайындау мәселесіне ашық механизмді енгізу туралы, Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша, Мемлекеттік сатып алу бойынша, Сот отырыстары туралы,

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы шығарылымдар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы талаптарының орындалуы туралы айтып, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстармен таныстырылды.

Түркістан облысы ДСБ-ның «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» ШЖК МКК-ның Дуйсенбаев Мухтар Мыктыбекович заңгер кеңесші өз сөзінде: Бекітілген жоспарға сәйкес күнделікті негізде медициналық қызметкерлерімен ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларын бұзушылықтарға жол бермеу бойынша, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелерін талқылау күніндегі жағдай бойынша профилактикалық әңгімелерді жиі қолданылуы керек екенің айтты.

Сонымен бірге Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелерін талқылау нәтижелері бойынша Түлкібас аудандық ауруханасы және оған қарасты барлық медициналық қызметкерлеріне ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ қабылданған шектеулерді мүлтіксіз сақтау және бұзу фактілеріне жол бермеу туралы нұсқау берді.

Бандамашыға сұрақтар беріліп, оның барлығына да толық жауап қайтарылды.

**Мәжілістің төрағасы:**



**Б.Е.Курманбеков.**

**Хатшы: ТАОА заңгері кеңесші**



**М.М. Дуйсенбаев.**